Если конфорка не загорается в течение 5 секунд, установите ручку регулировки в положение 0, и повторите описанную выше операцию.

В моделях, снабженных защитным клапаном, который автоматически перекрывает подачу газа в случае внезапного погасания пламени, конфорки зажигаются, как описано выше, но при этом после зажигания конфорки необходимо соблюдать осторожность.

Перед включением газовой варочной поверхности проверьте, что конфорки и крышки конфорок правильно установлены на варочную поверхность.

Если на устройстве нет напряжения, следует использовать зажигалку, чтобы зажечь горелку;  
- Нажмите ручку и поверните ее против часовой стрелки до символа зажигания;  
- Удерживая кнопку нажатой, зажигайте горелку с помощью зажигалки и удерживайте кнопку нажатой в течении 5 секунд после зажигания.

**ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ**

Для получения наилучших результатов пользуйтесь сковородами и кастрюлями с плоским дном, размеры которых соответствуют размерам газовых конфорок (см. Табл. А).

| Тип конфорки            | Ø сковороды/кастрюли (см) | Мощность (кВт) | G20/20 мбар (метан) | G30/28-30 мбар (СНГ) |
|-------------------------|---------------------------|----------------|---------------------|----------------------|
| AUX Маленькая конфорка  | 10 - 18                   | 1,00           | 95 л/час            | 73 л/час             |
| SR Полубыстрая конфорка | 12 - 22                   | 1,75           | 167 л/час           | 127 л/час            |
| R Быстрая конфорка      | 16 - 26                   | 2,70           | 257 л/час           | 196 л/час            |
| DC 4 kW MONO            | 16 - 26                   | 4,00           | 381 л/час           | 291 л/час            |

Таблица А

При использовании сковороды или кастрюли меньшего размера пламя должно быть отрегулировано таким образом, чтобы оно не выходило за пределы дна сковороды или кастрюли. Не следует пользоваться посудой с выпуклым или вогнутым дном.

**ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ:** Если горелка случайно погаснет, установите ручку регулировки в положение **ВЫКЛ.**, и не пытайтесь зажечь пламя в течение, по крайней мере, одной минуты.

Если через несколько лет работы варочной поверхности газовые краны будут туго поворачиваться, то их необходимо смазать. Эта работа должна выполняться только квалифицированным специалистом по обслуживанию.

**4. ОБСЛУЖИВАНИЕ И ЧИСТКА**

Перед тем как приступить к выполнению чистки варочной поверхности, проверьте, что она остыла. Выньте вилку из розетки, или (если варочная поверхность подсоединена к электросети напрямую), выключите питающее напряжение. Чистка и обслуживание бытового прибора не должны выполняться детьми без надзора взрослых. Запрещается использовать абразивные и коррозирующие чистящие средства, отбеливающие вещества, или кислоты. Не пользуйтесь для чистки эмалированных и лакированных деталей, а также деталей из нержавеющей стали кислотами и щелочами (лимонный сок, уксус и т. п.) Очистка эмалированных, лакированных и хромированных поверхностей должна выполняться с помощью мыльной воды или нейтрального моющего средства. Для очистки поверхностей из нержавеющей стали необходимо пользоваться подходящим чистящим раствором. Конфорки можно очищать с помощью мыльной воды. Для восстановления их первоначального блеска используйте бытовое чистящее средство для нержавеющей стали. После чистки горелок высушите их и установите на место. **Проследите за тем, чтобы конфорки были собраны правильно.**  
**Хромированные решетки и конфорки**  
Хромированные решетки и конфорки со временем темнеют. Это нормальное и неизбежное явление, которое не оказывает негативного влияния на работу варочной поверхности. Раз в год необходимо обеспечить проверку технического состояния прибора газовыми службами (герметичность соединений, работа вентилей, общий износ элементов).

**5. ПОСЛЕПРОДАЖНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ**

Перед тем как вызвать специалиста по техническому обслуживанию для выполнения ремонта варочной поверхности, выполните следующие проверки:

- Проверьте, что вилка кабеля питания правильно вставлена в электрическую розетку, и что не перегорел плавкий предохранитель.
- Проверьте, что газ подается.

Если вы не можете самостоятельно определить причину неисправности: Выключите варочную поверхность и обратитесь в центр послепродажного обслуживания. **НЕ ПЫТАЙТЕСЬ ОТРЕМОНТИРОВАТЬ ЭЛЕКТРОПРИБОР САМОСТОЯТЕЛЬНО.** Серийный номер состоит из 16 цифр. Первые 8 цифр – код модели. Следующие 4 цифры – дата производства (год, неделя). Последние 4 цифры – заводские номера.

**6. ЗАЩИТА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

 Данный прибор имеет маркировку в соответствии с Европейской директивой 2012/19/ЕС об отходах производства электрического и электронного оборудования (WEEE). Отходы производства электрического и электронного оборудования содержат загрязняющие вещества (которые могут негативно влиять на окружающую среду) и основные компоненты (которые подлежат повторному использованию). Важно, чтобы отходы производства электрического и электронного оборудования подвергались специальной обработке с целью удаления и утилизации всех загрязняющих веществ, а также регенерации и повторного использования всех материалов. Каждый может сделать существенный вклад в предотвращение экологических проблем, вызываемых отходами производства электрического и электронного оборудования; для этого важно придерживаться некоторых основных правил:

- Нельзя обращаться с отходами производства электрического и электронного оборудования, как с бытовыми отходами.
- Отходы производства электрического и электронного оборудования следует передавать в пункты сбора, контролируемые органами местной власти или зарегистрированными компаниями. Во многих странах при наличии большого количества отходов производства электрического и электронного оборудования сбор отходов осуществляется на дому.

**Декларация о соответствии:** Данное оборудование в частях, предназначенных для контакта с пищевыми продуктами, соответствует нормам, изложенным в директивах ЕЭС 89/109.

Прибор соответствует требованиям Европейской директивы по газовому оборудованию 2016/426 (GAR).

Производитель не несет ответственности за опечатки и неточности, которые могут встретиться в данной инструкции. Мы оставляем за собой право вносить изменения в конструкцию выпускаемых нами изделий с целью улучшения качества выпускаемой продукции. При этом основные функции изделия и его безопасность будут оставаться неизменными.

 Изделие сертифицировано в органе по сертификации продукции и услуг «РОСТЕСТ-МОСКВА», г. Москва.

Сделано в Турции.  
Посмотреть месяц и год выпуска оборудования можно в этикетка с описанием продукта и паспортными данными (нижняя коробка).

Продукция соответствует требованиям технических регламентов Евразийского экономического (Таможенного) союза.  
Сертификат соответствия № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.32456/23 от 14.12.2023 действует до 13.12.2028.  
Более подробные сведения указаны в Едином реестре выданных сертификатов соответствия и зарегистрированных деклараций о соответствии Евразийского экономического союза

ТРАНСПОРТИРОВКА И ХРАНЕНИЕ

Изделие должно транспортироваться и храниться в оригинальной упаковке в соответствии с указанными на нем знаками обращения.  
При погрузке, разгрузке и транспортировке соблюдайте осторожность.  
Транспортировка и хранение должны защищать изделие от атмосферных осадков и механических повреждений.

Таблица 1

| Пластина горелки               | 4 Gas - (Л1)        | 4 Gas - (Л2)        |
|--------------------------------|---------------------|---------------------|
| горелка                        | Aux/SR/R/DC 4 Mono  | Aux/SR/R/DC 4 Mono  |
| Тип                            | UH60MF              | UH60MF              |
| FFD                            | ДА                  | ДА                  |
| Aux 1kW                        | 1                   | 1                   |
| Sr 1,75 kW                     | 1                   | 1                   |
| R 2,7 kW                       | 1                   | 1                   |
| Dc 4 kW Mono                   | 1                   | 1                   |
| Номинальный вход тепла         | 9,45 kW             | 9,45 kW             |
| G20/20 mbar                    | 900 l/h             | 900 l/h             |
| G30/28-30 mbar                 | 688 g/h             | 688 g/h             |
| Класс установки                | 3                   | 3                   |
| Напряжение/Частота В/Гц        | 220-240 V/ 50-60 Hz | 220-240 V/ 50-60 Hz |
| Входная электрическая мощность | 1                   | 1                   |
| Электроподжиг                  | ДА                  | ДА                  |
| Размеры варочной поверхности   | 595x510             | 595x510             |

Данное изделие предназначено только для бытовых применений.

## ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Орнату және пайдалану нұсқаулығын болашақта және плитаны орнатарда қарау үшін сақтап қойып, сатудан кейінгі қызмет көрсету бөлімінен көмек қажет болған жағдайға арнап оның сериялық нөмірін жазып қойған жөн.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** жабдық пен оның қол жететін бөлшектері пайдалану барысында ыстық болады. Қыздырғыш элементтерді ұстамаңыз. Үздіксіз бақыламаған жағдайда, 8 жасқа толмаған балаларды жабдыққа жолатпау керек.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** пісіру жабдығының Өндірушісі өзірлеген немесе жабдықтың Өндірушісі пайдалану нұсқаулығында құрылғыға орнатылған плита қорғаныштарына жарамды деп көрсеткен плита қорғаныштарын ғана пайдаланыңыз. Қате қорғаныштарды пайдалану салдарынан оқыс оқиғалар орын алуы мүмкін.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** маймен немесе өсімдік майымен плитада қараусыз пісіру қауіпті және өртке себеп болуы мүмкін.

Өртті ЕШҚАШАН сумен сөндірмеңіз, оның орнына жабдықты өшіріп, жалынды қақпақпен немесе өрт басқыш жамылғымен жабыңыз.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** өрт шығу қаупі: пісіру беттерінің үстінде заттар сақтамаңыз.

**ЕСКЕРТУ!** Газбен пісіру жабдығын пайдалану нәтижесінде ол орнатылған бөлмеде жылу, ылғал және жану өнімдері бөлініп шығады. Ас үйдің жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз, әсіресе жабдық пайдаланылып жатқан кезде. Жабдықты ұзақ уақыт бойы қарқынды пайдаланған кезде, қосымша желдету, мысалы, бар болған жағдайда механикалық желдетуді арттыру, жану өнімдерін сыртқа қауіпсіз шығара отырып қосымша желдету арқылы бөлмедегі ауаның ауысуын қамтамасыз ету арқылы қосымша желдету қажет болуы мүмкін. Қосымша желдету жүйесін орнатар алдында маманмен кеңесіңіз.

**ЕСКЕРТУ!** Бұл жабдық тек тамақ пісіруге арналған. Оны басқа мақсаттарда, мысалы, бөлмені жылыту үшін пайдалануға болмайды.

**ЕСКЕРТУ!** Шыны беті сынған жағдайда:

- жанарғылар мен электр қыздырғыш элементтердің барлығын дереу өшіріп, жабдықты қуат көзінен оқшаулаңыз

- жабдықтың бетіне қол тигізбеңіз

- жабдықты қолданбаңыз

Бұл жабдықты 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілген және олар бақыланған жағдайда пайдалануға болады. Балалардың жабдықпен ойнамауын қадағалау керек. Тазалау және пайдаланушы орындайтын техникалық күтім жұмыстарын балалар бақылаусыз орындамауы керек.

**ЕСКЕРТУ:** пісіру процесін қадағалау керек.

Қысқа мерзімді пісіру процесін үздіксіз бақылау қажет. Қатты күйіп қалу қатерлерін болдырмау үшін пісіру аймақтары пайдаланылып жатқан кезде немесе олар өшкенімен, қалдық қызу индикаторы жанып тұрған кезде оларға балаларды жолатпаған жөн.

Бұл жабдық сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған. Бар болса, плитадағы галогенді шам элементтеріне тік қарамаңыз.

Ашаны жапсырмада көрсетілген кернеуге, токқа және жүктемеге төтеп бере алатын және жерге тұйықталған қуат кабеліне жалғаңыз.

Розетка жапсырмада көрсетілген жүктемеге сәйкес болуы және оның жерге тұйықталған әрі жұмыс істейтін түйіспесі болуы керек. Жерге тұйықтайтын сымның түсі сары-жасыл болады.

Бұл жұмысты білікті кәсіпқой маман орындауы керек. Розетка мен жабдықтың ашасы үйлеспеген жағдайда, білікті электршіден розетканы басқа қолайлы түрімен ауыстырып беруін сұраңыз. Аша мен розетка орнатылатын елдің қолданыстағы нормаларына сәйкес болуы керек. Қуат көзіне құрылғы мен қуат көзінің арасына максимум жалғанған жүктемені көтере алатын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетін көп полярлы ажыратқыш орнату арқылы да қосуға болады. Сары-жасыл жерге тұйықтау кабеліне ажыратқыш кедергі келтірмеуі тиіс. Жабдық орнатылған кезде, жалғау пайдаланылған розетка немесе көп полярлы ажыратқышқа оңай қол жететін болуы тиіс. Ашаны қол жететін жерге орнату немесе сым жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сым желісіне ажыратқыш орнату арқылы ажыратуға болады.

Егер қуат сымы зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны Өндіруші, оның қызмет көрсетуші өкілі немесе сол сияқты білікті мамандар ауыстыруы керек.

Жерге тұйықтайтын сым (сары-жасыл) терминал блогының жағында 10 мм-ден ұзын болуы керек. Ішкі өткізгіштер бөлігі плита сіңіретін қуатқа сәйкес болуы керек (белгіде көрсетілген).

Қуат кабелінің түрі HO5V2V2-F болуы керек.

Плитаға пышақтар, шанышқылар, қасықтар немесе қақпақтар сияқты металл заттар қоймаңыз. Олар қызып кетуі мүмкін. Қызатын аймақтардың үстіне алюминий фольга мен пластик табалар қоймау керек. Әр қолданғаннан кейін кір мен майдың жиналуын болдырмау үшін плитаны біраз тазалау қажет.

Қалған жағдайда, плитаны пайдаланған кезде ол қайта пісіп, өрттің таралу қаупін айтпағанда, түтін мен жағымсыз иіс шығарады.

Жабдықты тазалау үшін ешқашан бу немесе жоғары қысымды спрей қолданбаңыз.

Пайдалану барысында немесе пайдаланғаннан кейін қызатын аймаққа біраз уақыт қол тигізбеңіз.

Тікелей шыны керамика плитаның үстінде ешқашан тамақ пісірмеңіз. Әрқашан тиісті пісіру ыдыстарын пайдаланыңыз.

Әрқашан табаны тамақ пісіріп жатқан бөліктің ортасына қойыңыз.

Басқару панелінің үстіне ешқандай зат қоймаңыз.

Плитаны жұмыс беті ретінде пайдаланбаңыз.

Пісіру бетін азық турайтын тақта ретінде пайдаланбаңыз. Плитаның үстінде ауыр заттар сақтамаңыз. Егер плитаның үстіне құласа, олар зақым келтіруі мүмкін. Плитаны ешқандай заттарды сақтау үшін пайдаланбаңыз. Плитаның үстінде тамақ пісіретін ыдыстарды сырғытып жылжытпаңыз. Жабдық номиналды жиіліктерде жұмыс істеуі үшін ешқандай қосымша жұмыс/ Жағдай қажет емес.

## 1. ОРНАТУШЫҒА АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛАР

**ТҰРМЫСТЫҚ ЖАБДЫҚТЫ ОРНАТУ КҮРДЕЛІ ЖҰМЫС БОЛУЫ МҮМКІН, СЕБЕБІ ДҰРЫС ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТТЫ ӘСЕР ЕТУІ МҮМКІН. СОЛ СЕБЕПТІ БҰЛ ЖҰМЫСТЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС ОРЫНДАЙТЫН КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАН ЖҮРГІЗУІ ТИІС. БҰЛ КЕҢЕСТІ ЕЛЕМЕЙ, ОРНАТУ ЖҰМЫСЫН БІЛІКСІЗ АДАМ ОРЫНДАҒАН ЖАҒДАЙДА, ӨНДІРУШІ ТАУАРЛАРДЫҢ БҮЛІНУІНЕ НЕМЕСЕ АДАМДАРДЫҢ ЖАРАҚАТТАНУЫНА СЕБЕП БОЛҒАНЫНА ҚАРАМАСТАН ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ АҚАУЛАРЫ ҮШІН БАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТАДЫ.**

### 1.1. ОРНАТЫЛАТЫН ЖЕРЛЕР

Плитаны 100 °С температураға дейін ыстыққа төзімді және қалыңдығы 25-45 мм болатын кез келген жұмыс үстеліне орнатуға болады. Жұмыс бетінен кесіп алып тасталатын аралық төсемнің өлшемдері 2-суретте көрсетілген.

Кіріктірілген плита мен астындағы қуыс арасында қол жететін бос орын болған кезде, арасына оқшаулағыш материалдан (ағаштан немесе ұқсас материалдан) жасалған бөлгіш қабырға салу керек (3-сурет).

Егер плита кез келген жағында шкафтың қасына орнатылса, плита мен шкафтың арасындағы қашықтық кемінде 15 см болуы керек; ал шеті мен артқы қабырға арасындағы қашықтық 60 см плиталар үшін кемінде 60 мм болуы керек (3 және 4 газ - L1, L2).

Плита мен оның үстіндегі кез келген басқа құрылғы немесе жабдық (мысалы, ауа сорғыш) арасындағы қашықтық 70 см-ден кем болмауы керек (4-сурет).

**Ауа айналымына байланысты тартпадағы металл заттардың температурасы жоғарылуы мүмкін. Сондықтан аралық ретінде ағаш панель пайдаланған жөн.**

**Маңызды - 1-суреттегі диаграммада тығыздағышты қалай қолдану керектігі көрсетілген.**

Плита блогы жинақта берілген Бекіткіш қысқыштарды құрылғының астындағы тесіктерді пайдаланып бекіту арқылы орнатылады.

Желдеткішпен салқындататын жүйесі жоқ пештің үстіне 60 см плита орнатылса, ауаның дұрыс айналымын қамтамасыз ету үшін кіріктірілген жиһаздың ішінде саңылаулар жасаған жөн.

Бұл саңылаулардың өлшемі кем дегенде 300 см2 болуы керек және 5-суретте көрсетілгендей орналастырылуы керек.

### 1.2. ҚОЛАЙЛЫ ОРЫН

Бұл жабдықты қолданыстағы ережелерге сәйкес және тек жақсы желдетілетін кеңістікте пайдалану керек. Осы жабдықты орнату немесе пайдалану алдында нұсқауларды оқыңыз.

**АБАЙЛАҢЫЗ!** Орнатар алдында жергілікті тарату жағдайлары (газдың шығу тегі және газдың қысымы) мен жабдықтың бейімделуі үйлесімді болуын қамтамасыз етіңіз.

**АБАЙЛАҢЫЗ!** Бұл жабдықты бейімдеу жағдайлары тақташада (немесе деректер тақташасында) көрсетіледі.

**АБАЙЛАҢЫЗ!** Бұл жабдық жану өнімдерін шығару құрылғысына жалғанбаған. Оны ағымдағы орнату ережелеріне сәйкес орнату және жалғау қажет. Желдетуге қатысты тиісті талаптарға ерекше назар аудару қажет. Сол себепті ауа өтетін табиғи жолдарды ашық қалдыру немесе ауа сорғыш орнату арқылы олардың жақсы желдетілуін қамтамасыз ету қажет.

## 2. ЭЛЕКТР СИМДАРЫН ЖАЛҒАУ (ТЕК ҰЛЫБРИТАНИЯ ҮШІН)

**Абайлаңыз - Бұл жабдық жерге тұйықталуы керек**

Бұл жабдық тек үйде пайдалануға арналған. Электр желісіне қосуды мұндай орнату жұмыстарына қатысты барлық қолданыстағы ережелердің сақталуын қамтамасыз ете отырып, құзыретті электрик жүзеге асыруы керек.

Жабдықты тек лайықты номиналды тірек нүктесіне қосу керек – 3 істікшелі 13 амперлік аша/розетка жарамайды. Қос полюсті қосқыш қамтамасыз етілуі керек және тізбек тиісті сақтандырғышпен қорғалуы керек. Жеке бұйымның қуатпен жабдықталуына қойылатын талаптар туралы қосымша мәліметтер пайдаланушы нұсқаулығында және жабдықтың техникалық ақпарат тақташасында берілген. Бұйым кіріктірілген жағдайда сізге жеткізіп берілгеннен ұзын кабель пайдаланғыңыз келсе, номиналды ыстыққа төзімділігі жарамды түрін пайдалану керек.

Сымдарды электр желісіне былай қосу керек:

**ЖАЛҒАУ**

Жасыл және сары сым

Көк сым

Қоңыр сым

**ТІРЕК ТЕРМИНАЛЫНА**

Жерге тұйықтау

Бейтарап қосылым

Бөлсенді қосылым

**Ескертпе:** Біз тірек нүктелеріне электр пісіру жабдықтары орнатылған жерге тоқтың жерге жылыстауынан қорғайтын құрылғыларды пайдалануды қолдамаймыз, себебі ол жаңылып іске қосылып кетуі мүмкін. Жабдықты жерге дұрыс тұйықтау керек екенін тағы да есіңізге саламыз – өндіруші электр желісін дұрыс орнатпау нәтижесінде орын алған кез келген оқиға үшін жауапкершіліктен бас тартады.

### 2.1. ЭЛЕКТР СИМДАРЫН ЖАЛҒАУ

Қуат беру және кіріс кернеуінің жарамды көз жеткізу үшін құрылғының сыртқы жағында орналасқан техникалық ақпарат тақташасындағы деректерді тексеріңіз.

Жалғау алдында жерге тұйықтау жүйесін тексеріңіз.

Заң бойынша бұл жабдық жерге тұйықталуы керек. Егер бұл ереже сақталмаса, Өндіруші адамдарға немесе мүлікке келтірілген залал үшін жауапты болмайды. Егер аша жалғанып қойған болмаса, техникалық ақпарат тақташасында көрсетілген жүктемеге сәйкес келетін аша орнатыңыз. Жерге тұйықтау сымдары сары/жасыл түсті болады. Аша әрқашан қол жететін жерде болуы керек.

Плита электр желісіне тікелей қосылған болса, автоматты ажыратқыш орнату керек.

Қуат сымдары зақымданса, қандай да бір ықтимал қауіпті болдырмау үшін оны білікті инженер ауыстыруы керек.

Жерге тұйықтау сымдары (жасыл және сары түсті) кернеулі және бейтарап сымдардан кемінде 10 мм ұзын болуы керек.

Пайдаланылатын кабельдің бөлігі плитаның сіңірілетін қуатына қатысты дұрыс өлшемді болуы керек.

Қуат мәліметтерін паспорттық тақташадан тексеріңіз және қуат сымдарының 3 x 0,75 мм<sup>2</sup> H05-V2V2-F типті екеніне көз жеткізіңіз.

|                                |          |   |                |
|--------------------------------|----------|---|----------------|
| Қуатпен<br>жабдықтау<br>желісі | КЕРНЕУЛІ | L | Қоңыр сым      |
|                                | ЖЕР      |   | Жасыл/сары сым |
|                                | НЕЙТРАЛЬ | N | Көк сым        |

Қуат кабелі

Егер құрылғы электр сымдарымен және ашамен немесе барлық полюстерінде III санатты асқын кернеу болған жағдайда толық ажыратуды қамтамасыз ететін түйіспелері бар желіден ажыратуға арналған басқа құралдармен жабдықталмаған болса, нұсқаулықта сымдарды жүргізу ережелеріне сәйкес бекітілген сымға сондай ажыратуға арналған құрал орнатылуы керек.

### 2.2. ГАЗ ЖЕЛІЛЕРІН ЖАЛҒАУ

Бұл нұсқаулар білікті қызметкерлерге арналған – жабдық тиісті ұлттық стандартқа сәйкес орнатылуы керек. **(Тек Ұлыбритания үшін: заң бойынша газды орнату/пайдалануға беру жұмыстарын «Gas Safe» орнатушы жүзеге асыруы керек)** Барлық жұмысты электр қуатымен жабдықтау көзінен ажыратылған күйде орындау керек. Плитадағы паспорттық тақташада бұйыммен пайдаланылуы тиіс газдың түрі көрсетіледі. Газбен жабдықтау желісіне немесе газ баллонына жалғау жұмыстарын ол жабдықталатын газ түріне арнап реттелгенін тексергеннен кейін орындау қажет. Егер ол дұрыс реттелмеген болса, келесі бөлімдердегі газ параметрін өзгерту нұсқауларын қараңыз.

Сұйық газ (баллондағы газ) үшін тиісті ұлттық стандарттарға сәйкес келетін қысым реттегіштерін пайдаланыңыз. Тек тиісті ұлттық стандарттарға сәйкес келетін құбырларды, шайбаларды және тығыздағыш шайбаларды пайдаланыңыз.

Кейбір үлгілер осы байланыс түрі міндетті болып табылатын елдерде орнату үшін конустық жалғағышпен жабдықталады; 8-суретте әртүрлі жалғағыштарды қалай тануға болатыны көрсетілген (CY = цилиндрлік, CO = конустық). Кез келген жағдайда плитаға буынның цилиндр пішінді бөлігі қосылуы керек.

Плитаны иілгіш шлангілер арқылы газ желісіне қосқанда, шлангінің ең үлкен арақашықтығы 2 метрден аспауын қамтамасыз етіңіз.

Иілгіш түтік корпусың жылжымалы бөлігімен (мысалы, тартпа) жанаспайтындай және оның жаншылып/бүгілуі немесе зақымдалуы мүмкін кез келген кеңістіктен өтпейтіндей етіп орнатылуы керек.

Плитаны иілгіш шлангілер арқылы газ желісіне қосқанда, Плитаның зақымдану ықтималдығын болдырмау үшін орнатуды мына ретпен орындаңыз (6-сурет):

### 1) Суретте көрсетілгендей, бөлшектерді ретімен жинаңыз:

A: 1/2 цилиндрлік штепсельді адаптер

B: 1/2 тығыздағыш

C: 1/2 ұялы газ адаптері; конустық-цилиндрлік немесе Цилиндрлік-цилиндрлік

### 2) Түтіктерді міндетті түрде орнына бұрап салып, түйіспелерді кілтпен қатайтыңыз.

### 3) Қатты мыс құбырды немесе иілгіш болат құбырды Пайдаланып, C тәрізді фитингті газ құбырына бекітіңіз.

**МАҢЫЗДЫ:** сабынды ерітіндіні пайдаланып, құбыр қосылымдарында жылыстау бар-жоғын түпкілікті тексеріңіз. **ЕШҚАШАН ЖАЛЫНДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.** Сондай-ақ иілгіш құбыр шкафтың қозғалатын бөлігіне (мысалы, тартпаға) тиіп кетпеуін және оның зақымдалуы мүмкін жерде болмауын қадағалаңыз.

**Абайлаңыз:** Егер жабдықтың маңайынан газдың иісі шықса, жабдыққа келетін газ желісін жабыңыз да, тікелей инженерге хабарласыңыз. Тесікті ашық жалынмен іздеуге болмайды.

## 2.3. ПЛИТАНЫ ӨРТҮРЛІ ГАЗ ТҮРЛЕРІНЕ БЕЙІМДЕУ

Плитаны өртүрлі газбен пайдалануға бейімдеу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Торлар мен жанарғыларды алып тастаңыз
- Жанарғы таянышының ішіне алты қырлы сомын (7 мм) салыңыз (7-сурет)
- Инжекторды бұрап шығарып, оны пайдаланылатын газ түріне Жарамдысымен ауыстырыңыз (газ түрлері кестесін қараңыз)

## 2.4. МИНИМУМ ЖАЛЫНДЫ РЕТТЕУ

Жанарғыларды тұтатқаннан кейін, басқару тұтқасын ең төменгі параметрге бұраңыз да, тұтқаны алып тастаңыз (оны сәл күш салу арқылы оңай алып тастауға болады).

Кішкене клеммалы бұрауыштың көмегімен реттегіш бұранданы 9-суретіндегідей реттеуге болады. Бұранданы сағат тілі бағытында бұраса – газ ағыны азаяды, ал оны сағат тіліне қарсы бағытта бұраса – ағын артады - Бұл реттеуді жалынның ұзындығын шамамен 3-4 мм ету үшін пайдаланыңыз, содан кейін басқару тұтқасын орнына салыңыз.

Берілетін газ түрі сұйылтылған мұнай газы болған кезде, бос жалынды орнататын бұранда бітеуішке қарай (оңға) бұралуы керек.

Жаңа газ реттеуін орындағаннан кейін, құрылғыңыздағы ескі газ техникалық ақпарат тақташасын ол реттелетін газ түріне сәйкес келетін (плитамен бірге берілген) тақташамен ауыстырыңыз.

Этот электроприбор предназначен исключительно для домашнего использования, а также для следующего аналогичного применения:


- в кухонных зонах для персонала в магазинах, офисах и других рабочих помещениях;
- в загородных домах;
- для клиентов гостиниц, moteley и в других помещениях для проживания;
- в гостиницах типа «постель и завтрак».

## 3. ПЛИТАНЫ ПАЙДАЛАНУ - ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Бұл жабдық тек арнаулы мақсатында, яғни үйде тамақ пісіру үшін қолданылуы керек, ал кез келген басқа мақсатта пайдалану қате деп саналады және сондықтан қауіпті болуы мүмкін. Өндіруші қате пайдаланудан туындаған кез келген залал немесе шығын үшін жауап бермейді.

Жанарғыны пайдаланар алдында, жанарғы төмендегі суретте көрсетілгендей тор периметрлерінің ортасында болуын қамтамасыз етіңіз.

Шойын торларды пайдалансаңыз; тордың астында оның орны көрсетіледі. Нақты тордың дұрыс күйде пайдаланылуын қадағалаңыз.



## 3.1. ГАЗ ЖАНАРҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ

Жанарғыларды тұтандыру үшін, жанарғыға жанып тұрған конусты оттықты жақындатып, басқару тұтқасын ішке басып, сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Жанарғылар бір-екі күн пайдаланылмаса, жанарғыны тұтатар алдында бірнеше секунд күтіңіз: бұл – құбырлардағы ауаны шығаруына мүмкіндік береді.

Электрондық тұтатқышпен жабдықталған жабдықтарда мына әрекеттерді орындаңыз:

- Тұтқаны ішке итеріп, тұтату белгісіне қарай сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
- Ұшқын түймешігін басу арқылы жанарғыны тұтандырыңыз.

Автоматты тұтатқыш плиталарда тұтқаны итеріп, тұтату белгісіне қарай бұраңыз.

Басқару тұтқасы басылып тұрғанда, тұтату жүйесі ұшқын шығара береді.

Жанарғы 5 секунд ішінде тұтанбаса, тұтқаны 0 күйіне бұрап, әрекетті қайталаңыз.

Сақтандырғыш шүмегі (жалын байқаусызда сөніп қалса, газ ағынын тоқтататын) бар модельдерде жанарғылар жоғарыда сипатталғандай тұтанады, бірақ абай болу керек.

Газ плитасын қосар алдында жанарғылардың қақпақшалары орнына дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

**Абайлаңыз:** Жабдықта электр тогы болмаса, жанарғыны тұтандыру үшін оттық пайдалану керек;

- Тұтқаны ішке итеріп, тұтату белгісіне қарай сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз;

- Түймені басып тұрып, жанарғыны оттықпен тұтатыңыз. Да, тұтанғаннан кейін түймені 5 секунд басып тұрыңыз.

### ЖАЛПЫ КЕҢЕС

Нәтижелер барынша жақсы болуы үшін беті тегіс ыдыстарды пайдаланыңыз. Бетінің өлшемі газ жанарғысы жағына төмендегідей сәйкес келуі керек. А кестесі.

| Жанарғы түрі       | Ø таба/кастрөл (см) | Қуат (кВт) | G20/20 мбар (метан) | G30/28-30 мбар (сұйылтылған мұнай газы) |
|--------------------|---------------------|------------|---------------------|-----------------------------------------|
| AUX Қосымша        | 10 - 18             | 1,00       | 95 л/сағ            | 73 г/сағ                                |
| SR Жартылай жылдам | 12 - 22             | 1,75       | 167 л/сағ           | 127 г/сағ                               |
| R Жылдам           | 16 - 26             | 2,70       | 257 л/сағ           | 196 г/сағ                               |
| DC 4 кВт моно 16   | 16 - 26             | 4,00       | 381 л/сағ           | 291 г/сағ                               |

А кестесі

Кішігірім контейнерлерде газ жанарғысы жалын табаның түбін түгел жауып жайылмайтындай етіп реттелуі керек. Түбі ойыс немесе дөңес ыдыстарды қолдануға болмайды.

**АБАЙЛАҢЫЗ:** Егер жалын байқаусызда сөніп қалса, тұтқаны өшірүлі күйге бұраңыз да, кем дегенде 1 минут ішінде қайта тұтатуға әрекет жасамай тұрыңыз.

Жылдар өте газ крандары қатайып, бұралуы қиындаса, оларды майлау қажет.

**Мұндай жұмыстарды тек білікті Қызмет көрсетуші инженерлер орындауы керек.**

## 4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ

Плитаны тазалау алдында жабдықты міндетті түрде суытыңыз. Ашаны розеткадан суырыңыз немесе (тікелей қосылған болса) электр қуатын өшіріңіз.

Тазалау және пайдаланушы орындайтын техникалық қызмет көрсету жұмыстарын балалар бақылаусыз орындамауы керек. Ешқашан қырғыш, жемір жуу құралдарын, ағартқыш немесе қышқыл заттар қолданбаңыз. Эмаль жалатылған, лакпен қапталған немесе тот баспайтын болаттан жасалған бөлімдерге қандай да бір қышқыл немесе сілтілі заттар (лимон, шырш, сірке суы және с.с.) тигізбеңіз.

Бетіне эмаль, лак немесе хром жалатылған бөліктерді тазалаған кезде, жылы сабынды суды немесе жемір емес жуу құралын қолданыңыз. Тот баспайтын болат үшін тиісті тазалау ерітіндісін қолданыңыз.

Газ жанарғыларын сабынды сумен тазалауға болады. Бастапқы жалтырақтығын қалпына келтіру үшін тұрмыстық тот баспайтын болат тазалау құралын пайдаланыңыз. Тазалағаннан кейін жанарғыларды көптіріңіз де, орындарына салыңыз.

**Жанарғыларды орнына дұрыс салу маңызды.**

**Хромдалған торлар мен жанарғылар**

Хромдалған торлар мен жанарғылар пайдалану кезінде түсін өзгертуге бейім келеді. Бұл плитаның жұмысына қауіп төндірмейді.

Қажет болса, қосалқы бөлшектерді біздің Сатудан кейінгі қызмет көрсету орталығымыз қамтамасыз ете алады.

Жылына бір рет техникалық тексеруді қамтамасыз ету қажет газ қызметтерімен аспаптың жай-күйі (герметикалығы жұмыс, элементтердің жалпы тозуы).

## 5. КЕЙІНГІ КҮТІМ

Қызмет көрсетуші инженерді шақырмас бұрын мыналарды тексеріңіз:

- штепсельдік ашаның дұрыс салынғанын және оған балқымалы сақтандырғыш орнатылғанын;
- газбен жабдықтау ақауы жоқтығын.

Егер ақауды анықтау мүмкін болмаса:

Жабдықты өшіріп, Сатудан кейін қызмет көрсету орталығына Хабарласыңыз. ЖАБДЫҚҚА ТИІСПЕҢІЗ.

## 6. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Бұл жабдық Электр және электрондық жабдық қалдығы (WEEE) бойынша 2012/19/ЕС санды Еуропалық директиваға сәйкес белгіленген.

WEEE жабдығының құрамында ластағыш заттар (қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін) да, қарапайым элементтер (қайта пайдаланылатын) де бар. WEEE жабдықтарын ластағыш заттарды кетіру әрі дұрыс қоқысқа тастау және барлық материалды қалпына келтіріп, қайта өңдеу үшін

арнайы өңдеу маңызды.

Жеке тұлғалар WEEE жабдықтарының қоршаған орта мәселесіне айналмауын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады; біраз қарапайым ережені орындау аса маңызды:

- WEEE тұрмыстық қалдық ретінде қарастырылмауы керек.
- WEEE муниципалитет немесе тіркелген компаниялар басқаратын тиісті жинау орындарына тапсырылуы керек. Көптеген елдерде үлкен WEEE жабдықтарын үйден алып кетуі мүмкін.

Бұйымға **CE** белгісін салу арқылы біз осы өнім заң бойынша қолданылатын барлық тиісті Еуропалық қауіпсіздік, денсаулық және қоршаған орта талаптарына сай екенін растаймыз.

*Өндіруші осы кітапшадағы баспа немесе транскрипция қателерінен туындаған қандай да бір қателер үшін жауап бермейді. Біз қажет болған жағдайда, соның ішінде тұтынушылардың мүдделерін көздей отырып, қауіпсіздікке немесе функцияға қатысты сыпаттамаларды нашарлатпастан Өнімдерге өзгерістер енгізу құқығын өзімізде қалдырамыз.*

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кеден) одағының техникалық регламенттері талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификат № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.32456/23

14.12.2023-дан 13.12.2028 дейін қолданылады.

Анағұрлым толық мәлімет берілген сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімінде және Еуразиялық экономикалық одаққа сәйкестігі туралы тіркелген декларацияда көрсетілген

### ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Өнім өзінің түпнұсқа қаптамасымен және онда көрсетілген белгілерге сәйкес тасымалдануы және сақталуы керек.

Жүкті тиеген, түсірген және тасымалдаған кезде сақ болыңыз.

Тасымалдау және сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы тиіс.

1-кесте

| Жанарғы табағы       | 4 газ - (Л1)         | 4 газ - (Л2)         |
|----------------------|----------------------|----------------------|
| Жанарғы              | Aux/SR/R/DC 4 Mono   | Aux/SR/R/DC 4 Mono   |
| Түрі                 | UH60MF               | UH60MF               |
| FFD                  | ИӘ                   | ИӘ                   |
| Aux 1кВт             | 1                    | 1                    |
| Sr 1,75 кВт          | 1                    | 1                    |
| R 2,7 кВт            | 1                    | 1                    |
| Dc 4 кВт Mono        | 1                    | 1                    |
| оминалды жылу кірісі | 9,45 кВт             | 9,45 кВт             |
| G20/20 мбар          | 900 л/сағ            | 900 л/сағ            |
| G30/28-30 мбар       | 688 г/сағ            | 688 г/сағ            |
| Орнату класы         | 3                    | 3                    |
| Кернеу, В/жиілік, Гц | 220 – 240 В/50/60 Гц | 220 – 240 В/50/60 Гц |
| Электр кіріс қуаты   | 1                    | 1                    |
| Электрмен тұтату     | ИӘ                   | ИӘ                   |
| Бұйымның өлшемі      | 595x510              | 595x510              |

Бұл жабдық кәсіби емес, яғни тұрмыста қолдануға арналған.




| Definition                 | анықтамасы                          | определение                                                        |
|----------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------------------------------------|
| 1 Assembly Screws          | Монтаждық бұрандалар                | Монтажные винты                                                    |
| 2 NG Conical Adaptor       | NG конустық адаптері                | Конический адаптер природного газа                                 |
| 3 Cylindrical Gasket       | Цилиндрлік тығыздағыш               | Цилиндрическая прокладка                                           |
| 4 Furniture Bracket        | Жиһаз кронштейні                    | Кронштейн для крепления изделия к кухонной мебели                  |
| 5 NG Adaptor Cylindrical   | Цилиндрлік NG адаптері              | Цилиндрический адаптер природного газа                             |
| 6 4 or 5 injector          | 4 немесе 5 инжектор                 | 4 или 5 инжектор                                                   |
| 7 Pcs Sponge Hob Furniture | Ас пісіру панелі мен жиһаз еріншесі | Губчатая прокладка для крепления варочной панели к кухонной мебели |

**GB IE** This appliance must be installed in accordance with applicable regulations and should only be used in well-ventilated locations. Before using this appliance carefully study the instruction book.


**RU** Данное изделие должно быть установлено и подключено в соответствии с действующими нормами и правилами. Оно должно эксплуатироваться исключительно в помещениях с постоянной вентиляцией. Перед использованием изделия необходимо внимательно изучить Инструкцию по эксплуатации.

**KZ** Бұл құрылғыны қолданыстағы ережелерге сәйкес орнату керек және оны тек жақсы желдетілетін орындарда пайдалану керек. Бұл құрылғыны қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.


60





Figure/Рисунок/Сурет 1




Figure/Рисунок/Сурет 2






Figure/Рисунок/Сурет 3



Figure/Рисунок/Сурет 4




Figure/Рисунок/Сурет 5




Figure/Рисунок/Сурет 6


**INJECTOR**  
**инжектор**




Figure/Рисунок/Сурет 7



Figure/Рисунок/Сурет 8



Figure/Рисунок/Сурет 9



## HOBS GAS TYPE

|  | Gas Type     |          | G20                   | G20                    | G25.1                  | G25.3                   | G30                      | G30                     | G30                       |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------|----------|-----------------------|------------------------|------------------------|-------------------------|--------------------------|-------------------------|---------------------------|
|                                                                                  | Gas Pressure |          | 20 mbar               | 25 mbar                | 25 mbar                | 25 mbar                 | 28/30 mbar               | 37 mbar                 | 50 mbar                   |
| Burners                                                                          | Max (kW)     | Min (kW) | Injector NG           | Injector NG            | Injector NG            | Injector NG             | Injector LPG             | Injector LPG            | Injector LPG              |
|                                                                                  |              |          | Max - Min             | Max - Min              | Max - Min              | Max - Min               | Max - Min                | Max - Min               | Max - Min                 |
| AUX                                                                              | 1            | 0,3      | 72X<br>(1kW-0,3kW)    | 70X<br>(1kW-0,3kW)     | 74F1<br>(1kW-0,3kW)    | 72F1<br>(1kW-0,3kW)     | 50<br>(73 g/h-21 g/h)    | 46<br>(73 g/h-21 g/h)   | 46H2<br>(73 g/h-22 g/h)   |
| SR                                                                               | 1,75         | 0,5      | 97Z<br>(1,75kW-0,5kW) | 91Z<br>(1,75kW-0,5kW)  | 98Y<br>(1,75kW-0,5kW)  | 102F3<br>(1,75kW-0,5kW) | 65<br>(127 g/h-35 g/h)   | 61<br>(127 g/h-35 g/h)  | 58M<br>(127 g/h-36 g/h)   |
| R                                                                                | 2,7          | 0,8      | 109Y<br>(2,7kW-0,8kW) | 110F3<br>(2,7kW-0,8kW) | 120F2<br>(2,7kW-0,8kW) | 115F2<br>(2,7kW-0,8kW)  | 80<br>(196 g/h-56 g/h)   | 78<br>(196 g/h-57 g/h)  | 73S<br>(196 g/h-58 g/h)   |
| DC 4 kW MONO                                                                     | 4            | 1,8      | 151H3<br>(4kW-1,8kW)  | 145H3<br>(4kW-1,8kW)   | 150F3<br>(4kW-1,8kW)   | 146F3<br>(4kW-1,8kW)    | 100<br>(286 g/h-131 g/h) | 94<br>(286 g/h-138 g/h) | 78F4<br>(286 g/h-145 g/h) |

| Gas Categories | II2E+3+                 | II2H3+                           | II2H3B/P                                  |
|----------------|-------------------------|----------------------------------|-------------------------------------------|
|                | G20/G25 20/25mbar 2E+   | G20 20mbar 2H                    | G20 20mbar 2H                             |
|                | G30/G31 28-30/37mbar 3+ | G30/G31 28-30/37mbar 3+          | G30/G31 30/30mbar 3B/P                    |
| Countries      | BE,FR                   | CY,CZ,GB,GR,IE,IT,PT,SI,ES,TR,CH | BG,HR,DK,EE,FI,LV,LT,NO,RO,SK,SE,CZ,SI,TR |

| Gas Categories | II2H3B/P               | II2EK3B/P                                 | II2HS3B/P                                 | II2E3B/P               | II2E3B/P               |
|----------------|------------------------|-------------------------------------------|-------------------------------------------|------------------------|------------------------|
|                | G20 20mbar 2H          | G20 20mbar 2E                             | G20 20mbar 2H                             | G20 20mbar 2E          | G20 20mbar 2E          |
|                | G30/G31 50/50mbar 3B/P | G25.3 25mbar 2K<br>G30/G31 30/30mbar 3B/P | G25.1 25mbar 2S<br>G30/G31 30/30mbar 3B/P | G30/G31 37/37mbar 3B/P | G30/G31 50/50mbar 3B/P |
| Countries      | AT,CH                  | NL                                        | HU                                        | PL                     | DE                     |

## Efficiency Declaration UE N°66/2014

| UH60MF - BIG FRONT (L2)  |      |        |        |
|--------------------------|------|--------|--------|
| SINGLE BURNER EFFICIENCY |      |        |        |
| AUX                      | SR   | R      | DC     |
| -                        | 60 % | 55,9 % | 54,3 % |
| MEDIUM %56,7             |      |        |        |

| UH60MF - 4kW DIAMOND (L2) |        |        |        |
|---------------------------|--------|--------|--------|
| SINGLE BURNER EFFICIENCY  |        |        |        |
| AUX                       | SR     | R      | DC     |
| -                         | 57,9 % | 54,3 % | 57,6 % |
| MEDIUM %56,6              |        |        |        |



70049113 • A4 • 02.2024 • Rev\_0

#### GB - IE

The manufacturer will not be responsible for any inaccuracy resulting from printing or transcript errors contained in this brochure. We reserve the right to carry out modifications to products as required, including the interests of consumption, without prejudice to the characteristics relating to safety or function.

#### RU

Производитель не несет ответственности за опечатки и неточности, которые могут встретиться в данной инструкции. Мы оставляем за собой право вносить изменения в конструкцию выпускаемых нами изделий с целью улучшения качества выпускаемой продукции. При этом основные функции изделия и его безопасность будут оставаться неизменными.

#### KZ

Өндіруші осы кітапшадағы баспа немесе транскрипция қателерінен туындаған қандай да бір қателер үшін жауап бермейді. Біз қажет болған жағдайда, соның ішінде тұтынушылардың мүдделерін көздей отырып, қауіпсіздікке немесе функцияға қатысты сипаттамаларды нашарлатпастан өнімдерге өзгерістер енгізу құқығын өзімізде қалдырамыз.